

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті» КЕ АҚ ұйымдық құрылымдары қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

24 наурыз 2022 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 жылғы Заңына, 16.10.2016 жылы бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және 07.04.2021 жылы бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:**  
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның (бұдан әрі-Университет) Басқарма төрағасы-ректорының 09.03.2022 жылғы №48-нқ санды бұйрығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:**

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;
2. Әскери кафедра;
3. Әкімшілік-шаруашылық департаменті.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:**  
2022 жылдың 10-18 наурызы аралығы.

**Қызметіне талдау жүргізілетін уақыт аралығы:**  
2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:**

- 1) ұйымдық құрылымдар қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ұйымдық құрылымдардың ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

\*\*\*\*

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**I. Құрылым қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты туралы» Ереже, «Докторлық диссертация туралы» Ереже, «Магистрлік диссертация (жоба) туралы» Ереже, «М.Әуезов атындағы ОҚУ Диссертациялық кеңесі туралы» Ереже, институт қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары, жылдық есептер (2019-2020, 2020-2021жж), бұйрықтар, Аттестаттау комиссияларының есептері, т.б. ішкі құжаттар зерделенді.

ЖООКББИ туралы Ереженің 4. Құқықтар бөлімінде «ЖООКББИ директоры ЖООКББ институтының күзіретіне кіретін құжаттарға виза және қол қоюға құқылы» деп көрсетілген. Осы бөлімнің 7 тармақшасында «Директор Басқарма төрағасы-ректорға және қызмет бағыты бойынша проректорларға ЖООКББИ қызметкерлері мен өзге де құрылымдар қызметкерлерін материалдық ынталандыруға немесе тәртіптік жазаға тартуға ұсыныс беруге құқылы» деп бекітілген.

Тәуекелдер:

- өз өкілеттігі шегінде құжаттарға виза және қол қою директордың міндеті, ал қол коюдан бас тартуға негіз болса, негізін көрсете отырып, қол коюдан бас тартуға құқылы.

- егер, тәртіптік жазаға ұсынуға негіз болса, институт директоры университет басшылығына хабарлауға міндетті, құқылы емес.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: Институт Ережесінде **«Құқылы» формуласы бойынша күзіреттіліктерді айқындау** тәуекелдері орын алған. Себебі, жоғарыдағы институт директорына берілген құқық белгілі бір әрекеттерді жасау міндеті ретінде емес, мүмкіндік ретінде түсіндіріледі.

Талдауға ұсынылған кейбір бұйрықтарда бұйрықтың орындалуын қамтамасыз етуге қатысты норма жоқ, яғни ешкімге жүктелмеген.

**II. Құрылымның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Құрылымның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі келесі бағыттар зерделенді:

**1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.**

ЖООКББИ жалпы саны 7 штаттық бірлікті қамтиды (директор, директор орынбасары, бас маман, жоғары білікті маман, администратор) штаттағы қызметкерлердің жалпы саны - 8, 2 қызметкерде - 0,5 жүктеме қарастырылған (Н.Миркаев, Ж.Махатов).

Тәртіптік жазаның қолданылуы: 21.11.2019 жылғы № 162-жк санды бұйрықпен ҚР Еңбек кодексінің 64, 65 баптарына сәйкес өз қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде атқармаған үшін ЖООКББИ директорының м.а. Ыбрайым Әзімхан Оразбайұлына - «ескерту», директор орынбасары Латиф Азиз Сұлтаноглына - «сөгіс», институт директорының орынбасары Қонарбаева Зулфия Кемелхановнаға - «сөгіс» берілген, қызметкерлерге қатысты жұмыс беруші бастамасымен еңбек шартын бұзу фактілері орын алмаған.

**2) Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Бос лауазымдарды атқару барысында бір-біріне тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын немесе жасаған жақын туыстар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар – анықталған жоқ.

**3) Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.**

ЖООКББИ 2019-2020 оқу жылында 57 ғылыми-педагогикалық, 8 бейіндік бағыттағы, жалпы саны - 62 БББ бойынша магистранттар, 10 БББ бойынша докторанттар даярлауды іске асырған.

2020-2021 оқу жылында бұл көрсеткіш магистратура БББ бойынша – 104, докторантура БББ бойынша-24 ке көтерілген.

2019-2020 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша -220, ақылы негізде - 79 магистрант, мемлекеттік тапсырыс негізінде -12 докторант, ақылы негізде-1 докторант қабылданған.

2020-2021 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс негізінде -264, ақылы негізде – 120 магистрант, мемлекеттік тапсырыс негізінде - 66 докторант, ақылы негізде 1 докторант қабылданған.

2019-2020 оқу жылында қабылданған магистранттар (ғылыми-педагогикалық бағыт) 2021 жылы «магистр» дәрежесін алып, оқудан шығарылуы тиіс, сәйкесінше, 03.07.2021 жылғы «Магистр дәрежесін тағайындау және оқудан шығару туралы» № 99 ЖООК санды бұйрықпен 779 магистрантка «магистр» дәрежесі тағайындалған.

18.10.2020 ж №26 санды бұйрықпен мемлекеттік тапсырыс негізінде 8 докторантты қабылдауға негіз болған докторантураға түсу емтихандарының нәтижелері сұратылды (Экономика, Қоршаған ортаны қорғау технологиясы, Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы, Филология, Педагогика және психология). Докторантураға түсу емтиханының тізбелері (ведомость), апелляциялық комиссия шешімдері толық тексерілді.

28.08.2020 жылғы №15 санды бұйрықпен ақылы негізде 260 магистрант қайта қабылданған.

*Тәуекел:* Бұйрықтар мәтінінде ақылы негізде қайта қабылданған магистранттардың алғашқы академиялық кезеңін қайда аяқтағаны, оқудан қашан шығарылғаны, қайдан ауысқаны (бұрын қандай ЖОО-на қабылданғаны) туралы жазба жоқ.

*Тәуекел:* Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларының, МҒЗЖ, қорытынды аттестаттау, жалпы магистрлік бағдарламаның міндетті компоненттеріне қатысты Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, М.Әуезов атындағы ОҚУ Академиялық саясатының талаптары мен ішкі актілер нормаларына сәйкестігі тексерілді, кемшіліктер анықталды.

ҚР БжҒМ-нің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығының 8 Қосымшасының 33 пунктiне сәйкес, магистрлік диссертация міндетті түрде плагиатқа тексеріледен өтуі тиіс, тексеруді жүргізу қағидаларын ЖОО-ның өзі анықайды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің 28.08.2020 жылғы «AntiplagiatRU» интернет-жүйесін пайдалану туралы Ережесінің 6.6.8 тармағында магистрант диссертацияның плагиатқа тексерілгенін дәлелдейтін анықтаманы АББО-на (кітапханаға) өткізуі тиіс деп көрсетілген. Сондай-ақ, аталған Ережеде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру кафедраларға жүктелген.

*Тәуекел:* 2021 жылы бітірген магистранттар құжаттарын тексеру барысында ✓«қайта қабылданған» магистранттардың диссертациялары антиплагиат сараятамасынан тиісті кафедраларда өтпегені анықталды.

2, 3 курстарда білім алып жатқан докторанттар мен 2021 жылы бітірген докторанттардың жеке құжаттарының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен М.Әуезов атындағы ОҚУ Академиялық саясатының талаптарына сәйкестігі тексерілді. Тексеру барысында анықталған кемшіліктер түзетіліп, 3 жұмыс күні ішінде жұмыс тобына қайта ұсынылды.

### **АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:**

1. ЖООКББИ туралы Ереженің 4. Құқықтар бөлімінде директорға берілген құқықтар ауқымын қайта қарау, өзгертулер енгізу, «құқылы» формуласымен айқындалған институт директорының кейбір міндеттерін директордың Лауазымдық нұсқаулығындағы «Лауазымдық міндеттер» бөліміне ауыстыру.

2. Институт жоба ұсынушы болып табылатын бұйрықтарда бұйрықтың орындалуына жауапты немесе бақылауды іске асырушы тұлғаны көрсету;

3. Институтқа магистранттарды қайта қабылдау, ауыстыру туралы бұйрықтар мәтінін талаптарға сәйкестендіру (магистранттардың бұрынғы оқу орны, қашан, қандай бұйрықпен шығарылғаны туралы мәліметті міндетті түрде көрсету).

4. ЖООКББИ жоба ұсынушысы болып табылатын бұйрықтарға бұйрық бекітілгенге дейінгі келісу нүктесі ретінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті қосу.

5. 2021-2022 оқу жылында АҚ жұмысын бақылауды күшейту, магистранттар мен докторанттар қозғалысы туралы нақты статистикалық есеп қалыптастыру, барлық БББ бойынша магистранттар мен докторанттар құжаттарының (жеке жоспар, практика есептері, ғылыми мақалалары, диссертация жоспарлары, антиплагиат сараптамасынан өтуі, пікір, рецензия, т.б.) толықтығын, дәлдігін және дұрыстығын тексеру.

6. Магистратура БББ бойынша сапалық көрсеткішті арттыру үшін магистранттарды қайта қабылдау мен ауыстыруға қатысты ашықтық пен айқындықты күшейту, шекті санын белгілеу және регламенттеу.

7. Магистрлік диссертациялардың және қосымша мәліметтердің 100 % АББО-на өткізілуін қамтамасыз ету.

8. Магистранттар диссертацияларының антиплагиат сараптамасынан тек бекітілген кафедраларда өткізілуін қамтамасыз ету. ✓

9. Магистранттар мен докторанттардың іс-тәжірибеден, аттестациядан (практикадан) өтуіне университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі тарапынан бақылау жүргізуді ішкі актілерге енгізу.

### **ӘСКЕРИ КАФЕДРА**

**I. Құрылым қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында Әскери кафедраның Ережесі,

лауазымдық нұсқаулықтар, жылдық жоспарлар (2019-2020, 2020-2021жж), іріктеу комиссияларының хаттамаларының көшірмелері, т.б. ішкі құжаттар зерделенді.

Әскери кафедра Ережесінің 4. Құқықтар бөлімінде бекітілген қызметкерлер құқықтарының басым бөлігі «құқық» емес, қызметкерлер «міндеті» болып табылады. Мысалы, студенттердің сабаққа қатысуы мен үлгерімінің есебін ұйымдастыру, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету, кафедра оқытушыларының оқу жүктемесін орындауы туралы есептерін, кафедраның жылдық есебін дайындау, жаңа оқу жылына дайындығы туралы баяндау, оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, т.б.

Тәуекел: «Құқылы» формуласы бойынша айқындалған күзіреттіліктер кафедра оқытушыларына берілген мүмкіндік ретінде түсіндіріледі, міндеттеу сипаты жоқ.

«Запастағы әскерилер бағдарламасы бойынша әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қорғаныс Министрлігінің 2017 жылғы 24 шілдедегі №375 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 19 қазандағы №534 бұйрығына және Әскери кафедра бастығының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес, әскери дайындыққа тікелей басшылық жасауды Әскери кафедра бастығы жүзеге асырады.

Лауазымдық нұсқаулықтың 3.Құқықтар бөлімінде кафедра бастығының «Өзіне берілген құқықтарға сәйкес студенттерге ынталандыру және тәртіптік әсер ету шараларын қолдануға, ал әскери кафедраның жеке құрамына қатысты қолданыстағы заңнама мен Қарулы күштердің, ҚР әскери құрылымдарының жалпы әскери жарлықтары негізінде ынталандыру және тәртіптік әсер ету шараларын қолдануға» құқығы бар деп бекітілген.

1. Бұл норма әскери кафедра бастығына кең өкілеттіліктер береді. Ұйымдық құрылым ретінде кафедра бастығы жеке құрамға қатысты қызметкерлерді ынталандыру шараларына ұсынуға құқылы, ал ынталандыру туралы бұйрық университет немесе Қорғаныс министрлігінің басшылығы тарапынан шығарылады.

2. Жеке құрамға тәртіптік жаза қолдану – ол құқық емес, тәртіптік жаза қолдануға негіз болған жағдайда кафедра бастығы тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныспен Қорғаныс министрлігінің басшылығына немесе университет басшылығына жүгінуге міндетті. Бұл жағдайда «Құқылы» формуласы әскери кафедра бастығына жоғарыдағы іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік береді, бірақ міндеттемейді.

## **II. Құрылымның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Құрылымның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі келесі бағыттар зерделенді:

### **1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.**

Әскери кафедраның штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлер саны – 36.

Тәртіптік жаза қолдану: 21.11.2019жылғы №1625 санды бұйрыққа сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64, 65 баптары негізінде оқу процесін ұйымдастыру бойынша жіберілген кемшіліктері және өз қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде атқармағаны үшін Әскери кафедраның Цикл бастығы А.Б.Касымбековке, аға оқытушысы О.Р.Амалбековке, оқытушысы Ж.М.Абжаппаровқа «ескерту» берілген, қызметкерлерге қатысты жұмыс беруші бастамасымен еңбек шартын бұзу фактілері орын алмаған.

### **2) Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Бос лауазымдарды атқару барысында бір-біріне тікелей бағыныстылықта жұмыс жасайтын, жасаған жақын туыстар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар – анықталған жоқ.

### **3) Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру.**

ҚР Қорғаныс министрлігінің 2020 жылғы жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдау жоспарына сәйкес ақысыз негізде - **127** студент (тегін), ақылы негізде – **133** студент қабылданған.

2020 -2021 оқу жылы запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша ақысыз (тегін) – **103**, ақылы – **99** студент қабылданған.

Әскери кафедраға түсушілерге арналған рейтингтік балды есептеу таблицасында Әскери кафедраға қабылдаудың 3 кезеңі бекітілген:

1. Кәсіби-психологиялық тестілеу;
2. Дене шынықтыру бойынша нормативтерді тапсыру;
3. Оқу үлгерімінің орташа көрсеткіші.

Үміткерлерді іріктеудің объективтілігіне көз жеткізу үшін кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижесі қанша уақытқа дейін сақталатыны, бейне бақылаудың орнатылғаны туралы ақпараттар сұралды. Бейне бақылау орнатылмағаны анықталды.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі: әскери кафедраға қабылдау кезіндегі ашықтық пен айқындықтың қамтамасыз етілмеуі.**

Нақты айтқанда:

- 1) кәсіби-психологиялық тестілеудің өту барысының бейне бақылаумен қамтамасыз етілмеуі, қайталап тексеру мүмкіндігінің болмауы;
- 2) дене шынықтыру нормативтерін тапсыру барысына сыртқы бақылаудың әлсіздігі.

Әскери кафедраға ақылы негізде қабылдау барысында оқу ақысын белгілеуге қатысты орын алған заң бұзушылықтар Шымкент горнизоны әскери прокуратурасының 8.12.2021жылғы № 2-1822-21-01151 санды ұсынысы негізінде жойылып, оқу ақысы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендірілген. Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқу ақысы – 178 900 (жүз жетпіс сегіз мың тоғыз жүз) теңге. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ақылы негізде қабылданған студенттердің өтініші негізінде артық төлем сомалары қайтарылған.

**АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:**

1. Әскери кафедра Ережесінің 4.Құқықтар және «3. Функциялар» бөлімін қайта қарау, тиісті өзгерістер енгізу.

2. Әскери кафедра бастығының лауазымдық нұсқаулығының 4. Құқықтар бөлімінде «құқылы» формуласымен айқындалған жеке құрамға тәртіптік жаза қолдануға қатысты норманы лауазымдық нұсқаулықтың «Лауазымдық міндеттер» бөліміне ауыстыру.

3. Әскери кафедраға қабылдау процесінің ашықтығы мен айқындығын камтамасыз ету мақсатында 2022 жылдан бастап кәсіби-психологиялық тестілеудің өту барысын бейне бақылаумен камтамасыз ету.

4. Дене шынықтыру нормативтерін тапсыру барысында комиссия тарапынан объективті бағалауды бақылау үшін «Parasat»- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі офицерлерінен және студенттік парламент өкілдерінен құралған бақылаушылар тетігін іске қосу.

5. Іріктеу комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне Әскери кафедраға қабылданушылардың орташа үлгерім көрсеткішінің нақты, дұрыс есептелуіне қатысты жауаптылық белгілеу.

Қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасауға ұсынылған үшінші құрылым Әкімшілік-шаруашылық департаменті жұмыс тобы сұратқан мәліметтерді мерзімінде ұсынбағандықтан жұмыс тобы:

- Әкімшілік-шаруашылық департаменті басшысынан ішкі талдауға қатысты тиісті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізбегені үшін түсініктеме сұратуды;

- Әкімшілік-шаруашылық департамент қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасауды мамыр айына қайта жоспарлауды ұсынады.

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша Талдамалық анықтаманы Басқарма төрағасы-ректорға ұсыну.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша Талдамалық анықтаманы алқалы түрде қарау.
3. Талдамалық анықтаманы университеттің интернет-ресурсына орналастыру.

Комплаенс-қызмет басшысының м.а.,  
жұмыс тобының жетекшісі



Г.Дулатова

Анастасия; Бірінші проректор  
Нурмакбетов К.Е. - 